

Тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдау қағидаларын, сондай-ақ пайдалануға қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 20 наурыздағы № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 20 наурызда № 38184 тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 133-бабының 4-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдау;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдау актісінің нысаны бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нагаспаев

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің

Тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдау қағидаларын, сондай-ақ пайдалануға қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдап алу тәртібін, сондай-ақ пайдалануға қабылдап алу актісінің нысаны (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 133-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар Кодекстің 98-бабының 4-тармағында көрсетілген объектілерге қатысты қолданылады.

2-тарау. Тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдау тәртібі

3. Тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдауы кезінде мыналардың болуы талап етіледі:

1) сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды (тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертумен байланысты емес және жер учаскесін қосымша бөлуді (кесіп беруді) көздемейтін қолданыстағы ғимараттардағы үй-жайларды (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауды (қайта жоспарлауды, қайта жабдықтауды) қоспағанда) жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган берген сәулет-жоспарлау тапсырмасы;

2) техникалық шарттар (инженерлік және/немесе коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне объектілерді қосу, қосымша қосу және/немесе жүктемені арттыру қажет болған жағдайда);

3) нобай (нобайлық жоба)/техникалық жоба;

4) инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылысжайлардың) нақты орналасуының атқарушылық геодезиялық түсірілімі (Кодекстің 98-бабы 4-тармағының 4), 12), 14), 17), 18) және 20) тармақшаларында көрсетілген объектілерді қоспағанда).

4. Құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталған кезде тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор) мердігерден объектінің дайындығы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін (егер объектінің құрылысы мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылса) құрылыс объектісін пайдалануға қабылдау рәсіміне кіріседі.

5. Құрылыс объектісін пайдалануға қабылдау кезінде тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор):

1) осы бұйрықтың 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдау актісін (бұдан әрі – акт) ресімдей отырып, объектіні пайдалануға қабылдайды;

2) нобайдың (нобайлық жобаның)/техникалық жобаның, объектіні жобалау үшін берілген бастапқы материалдардың (құжаттардың) және қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың талаптарының сақталуын тексереді;

3) объектінің құрылысы мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылған жағдайда, орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылған құрылыс материалдарының (бұйымдардың, конструкциялардың) және жабдықтың нобайға (нобайлық жобаға)/техникалық жобаға, сондай-ақ мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкестігін тексереді;

4) тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертумен байланысты емес қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) кезінде жобалаушымен салынған объектіні пайдалануға беру актісінің бұрын әзірленген техникалық жобаға сәйкестігін келіседі.

6. Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор) құрылыс объектісін пайдалануға қабылдау актісі бекітілгенге дейін Кодекстің 24-бабының 46) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен бекітілген, Қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманы, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін тіркеу қағидаларына сәйкес Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінде тіркеу үшін инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылысжайлардың) нақты орналасуының атқарушылық геодезиялық түсірілімін мемлекеттік қала құрылысы кадастрына жібереді.

7. Актіге қол қойылған күн тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор) өз бетінше қабылдаған объектінің пайдалануға енгізілген күні деп есептеледі.

8. Акт құрылыс объектісіне мүліктік құқықты тіркеу кезінде айрықша бастапқы құжат болып табылады.

9. Инженерлік желілердің және/немесе ғимараттардың (құрылысжайлардың) нақты орналасуының атқарушылық геодезиялық түсірілімі қоса берілген акт сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінде міндетті есепке алуға жатады.

Бұйрыққа
2-қосымша
Нысан

Тапсырыс берушінің (меншік иесінің, инвестордың) құрылыс объектісін пайдалануға өз бетінше қабылдау актісі

20__ жылғы " __ " _____

_____ (елді мекеннің атауы)

20__ жылғы " __ " _____

Объектінің тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрақты мекенжайы) және мердігер (егер объект мердігерлік тәсілмен салынса)

_____ (құрылысты жүзеге асырған ұйымның атауы, адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса), мекенжайы, телефоны, лицензия №, алған күні)

АНЫҚТАДЫ:

1.

_____ (объектінің атауы, орналасқан жері немесе мекенжайы)

_____ объектiсiн салуды/ қолданыстағы ғимараттардағы үй-жайларды (жекелеген бөліктерін)

_____ реконструкциялауды (қайта жоспарлауды, қайта жабдықтауды) тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор) өз бетінше _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) және/немесе мердігерлік ұйымды тарта отырып

жүзеге асырды. (ұйымның атауы, адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Мыналар орындалды:

(жұмыстардың түрлері)

3. Объектіні салу _____

(шешім шығарған органның атауы, шешім № және күні)
негізінде жүргізілді.

4. Құрылыс салу/ қолданыстағы ғимараттардағы үй-жайларды (жекелеген бөліктерін)

реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау):

(нобайды (нобайлық жобаны)/техникалық жобаны әзірлеген ұйымның атауы, адамның

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)).

әзірлеген нобай (нобайлық жоба)/техникалық жоба бойынша жүзеге асырылды.

Нобай (нобайлық жоба) _____

елісілді.

(келісім хат берген ұйымның атауы, № және күні).

5. Құрылыс-монтаждау жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылды:

Жұмыстың басталуы _____

(айы және жылы)

Жұмыстың аяқталуы _____

_____ (айы және жылы)

6. Пайдалануға қабылданатын объектінің осы актіге _____ қосымшаға сәйкес техникалық сипаттамалары бар.

7. Жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны

қорғау жөніндегі іс-шаралар

_____ (орындалғаны туралы мәліметтер)

8. Құрылысы аяқталған объектінің/ реконструкцияланған (қайта жоспарланған, қайта

жабдықталған) қолданыстағы ғимараттардағы үй-жайлардың (жекелеген бөліктерінің)

мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтік талаптарға, сәулет-жоспарлау

тапсырмасына, келісілген нобайға (нобайлық жобаға)/техникалық жобаға сәйкестігін

растау негізінде тапсырыс берушісі (меншік иесі, инвестор):

_____ (объектінің атауы)

пайдалануға қабылдау туралы шешім қабылдады.

9. Құрылыс объектісінің нормативтік талаптарға, сәулет-жоспарлау тапсырмасына, нобайға (нобайлық жобаға)/техникалық жобаға сәйкестігін растаймын.

Объектінің тапсырыс берушісі (меншік иесі, инвестор) _____

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрақты мекенжайы, қолы, мерзімі) Мердігер (бас

мердігер) (егер объект мердігерлік тәсілмен салынса)

(ұйым атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, қолы, күні, мөр (бар болса)

Жобалау ұйымы (тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелер

мен жабдықтарды өзгертумен байланысты емес ғимараттар мен құрылысжайларды (жекелеген бөліктерін, үй-жайларын) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жағдайында)

(ұйым атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, қолы, күні, мөр)

10. Пайдалануға қабылданатын объект құрылысының жалпы құны

_____ мың тенге.

тапсырыс берушісі (меншік иесі, инвестор өз бетінше анықтайды)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
1-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (бір тоғанның су бетінің алаңы 0,15 гектардан аспайтын балық өсіретін тоған; су қорғау белдеулерінде балық өсіретін объектілер салу; аквапаруашылық жүргізуге арналған басқа объектілерді орнату (контейнерлік, блокты және модульдік түрде орындалған мобильді кешендер, құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылатын құрылыстар)

Балық өсіретін тоған

P/c №	Балық өсіретін тоғанның атауы (шырлану, қыстайтын, аналық және басқа)	Тоғанның параметрлері					
		алаңы (га)	көлемі (м ³)	терендігі (м)		ені (м)	ұзындығы (м)
				ең жоғарғы	орташа		
1	2	3	4	5	6	7	8
1							

2							
3							

кестенің жалғасы

Тоғанды жайластыру үшін жер учаскесінің алаңы (га)	Сумен қамтамасыз ету типі (жерүсті, жерасты көздері)	Сумен қамтамасыз ету тәсілі (судың өздігінен ағуы, сорғы станциялары және басқа)	Гидротехникалық құрылыстар	
			су беру жүйесінің типі (каналдар, науалар, құбырлар және басқа)	су ағызу жүйесінің типі (шандор, шлюз және басқа)
9	10	11	12	13

Балық өсіретін бассейн

P/c №	Балық өсіретін бассейнің атауы	Бассейннің параметрлері					Сумен қамтамасыз ету типі (жерүсті, жерасты көздері)
		көлемі (м ³)	биіктігі (м)	ені (м)	диаметрі (м) (дөңгелек бассейндер үшін)	ұзындығы (м)	
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
3							

кестенің жалғасы

Бөлінген жер учаскесінің алаңы (га)	Дайындау материалы (пластик, бетон, шыны талшық және басқа)	Сумен қамтамасыз ету тәсілі (өздігінен ағатын, мәжбүрлі сумен жабдықтаудың тұйық типін орнату және басқа)	Бассейн пішіні (дөңгелек, тікбұрышты, доғал, шаршы және басқа)	Бассейн типі (казылған, көмілген, едендік және басқа)	Гидротехникалық құрылыстар	
					су беру жүйесінің типі (каналдар, науалар, құбырлар және басқа)	су ағызу жүйесінің типі (шандор, шлюз және басқа)
9	10	11	12	13	14	15

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
2-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (екі қабаттан жоғары емес жеке тұрғын үйлер; жеке қосалқы шаруашылыққа, бағбандық пен бақша өсіруге арналған жер учаскелері аумағындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстар; маусымдық жұмыстар мен отарлы мал

паруашылығы үшін тұрғын және (немесе) паруашылық-тұрмыстық үй-жайлардың уақытша құрылыстары; уақытша, маусымдық немесе қосалқы мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлар (қоймалар мен сақтау орындары (аралығы 6 м дейін, биіктігі 7 м дейін және алаңы 2000 шаршы метрге дейін қоса алғанда))

Объектінің атауы (негізгі құрылыс, жапсарлас құрылыс, шаруашылық құрылыс және басқа)	Өлшем бірлігі	Жалпы мәліметтер						
		қабаттардың саны (қабат)	құрылыс салу алаңы (м ²)	ғимарат көлемі (м ³)	тұрғын бөлмелердің саны	жалпы алаңы (м ²)	тұрғын алаңы (м ²)	биіктігі (м)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Конструктивтік элементтер сипаттамасы						Жылыту түрі
іргетас	қабырғалар/қалқалар	ш а т ы р жабыны	аражабын	едендер	өндеу	
10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы

Абаттандыру					
электрмен жабдықтау	сумен жабдықтау	ыстық сумен жабдықтау	кәріз	газбен жабдықтау	
17	18	19	20	21	

Объектінің жоспары

Масштабы _____

Объектінің жоспарына экспликация

Қабат	Үй-жайлардың нөмірі	Үй-жайлардың мақсаты	Ішкі өлшеу бойынша алаңы (м ²), оның ішінде	
			жалпы	пайдалы
1	2	3	4	5

Жер учаскесінің экспликациясы

Жалпы алаң (м ²)	Оның ішінде (м ²)				сәндік бақ,fc	бақша
	салынған	аула жабыны				
		тротуарлар	жиектер	топырағы		
1	2	3	4	5	6	7

Жер учаскесінің жоспары

Масштабы _____

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
 Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
 (меншік иесі, инвестор) құрылыс
 объектісін пайдалануға өз
 бетінше қабылдау актісіне
 3-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (контейнерлік, блокты және модульдік түрде орындалған мобильді кешендер, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылатын сауда, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты ғимараттар (құрылысжайлар); жалпы ауданы 20 шаршы метрге дейінгі дара кәсіпкерлік объектілерін орналастыруға арналған бөлек тұрған бір қабатты ғимараттар (құрылысжайлар); екі автомобиль көлік құралынан аспайтын бокстары бар гараждар; төтенше жағдай және (немесе) төтенше ахуал кезінде қалпына келтіру жұмыстары; екі қабаттан аспайтын жылдам тұрғызылатын ғимараттар мен құрылысжайларды салу)

Объектінің атауы негізгі, жапсарлас)	Жалпы мәліметтер						
	қабаттардың саны (қабат)	үй-жайлардың, бөлмелердің саны	құрылыс салу алаңы (м ²)	ғимарат көлемі (м ³)	жалпы алаңы (м ²)	пайдалы алаңы (м ²)	тұрақ орындарының алаңы (м ²)
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Конструктивтік элементтер сипаттамасы						Жылыту түрі
іргетас	қабырғалар /қалқалар	ш а т ы р жабыны	жабын	едендер	өңдеу	
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы

Абаттандыру				
электрмен жабдықтау	сумен жабдықтау	ыстық сумен жабдықтау	кәріз	газбен жабдықтау
16	17	18	19	20

Объектінің техникалық сипаттамасына қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1. Қабат жоспарлары _____
2. Қабат жоспарларына экспликация _____

Объектінің жоспарына экспликация

Қабатты	Үй-жайлардың нөмірі	Үй-жайлардың мақсаты	Ішкі өлшеу бойынша алаңы (м ²), оның ішінде	
			жалпы	пайдалы

1	2	4	5	6
---	---	---	---	---

Жер учаскесінің экспликациясы

Жеручаскесінің жалпы алаңы (м ²)	Құрылыс салынған алаң (м ²)			Құрылыс салынбаған алаң (м ²)		
	барлығы	негізгі құрылыстар үшін	өзге құрылыстар мен құрылысжайлар үшін	асфальт жабыны	топырақ	басқа
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Жасыл желек (м ²)		
ағаштар отырғызылған көгал	көгалдар, гүлзарлар	басқалар
8	9	10

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
4-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (реконструкциядан кейін екі қабаттан аспайтын, қосымша жер учаскесін бөлуді (аумақтан телім беруді) талап етпейтін, екі қабаттан аспайтын жеке тұрғын үйлерді реконструкциялау; тұрғын үйлердегі (тұрғын ғимараттардағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды қосымша жер учаскесін бөлуді (аумақтан учаске беруді) талап етпейтін, тіреу конструкцияларының, инженерлік жүйелер мен коммуникациялардың қандай да бір өзгерістерімен байланысты емес реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау), өндірістік емес мақсаттағы үй-жайларды құрылыс объектілерінде жүзеге асырылатын және тіреу конструкцияларын өзгертуді талап етпейтін қайта жоспарлау (қайта жабдықтау))

Объектінің атауы	Жалпы мәліметтер								
	қабаттардың саны (қабат)	пәтерлердің саны	үй-жайлардың, бөлмелердің саны	құрылыс салу алаңы (м ²)	ғимарат көлемі (м ³)	жалпы алаңы (м ²)	тұрғын алаңы (м ²)	тұрғын емес үй-жайлардың алаңы (м ²)	балконның, лоджияның алаңы (м ²)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Конструктивтік элементтер сипаттамасы			Жылыту түрі	Абаттандыру				
іргетас	қабырғала р/қалқалар	шатыр жабыны		электрмен жабдықтау	сумен жабдықтау	ыстық сумен жабдықтау	кәріз	газбен жабдықтау
11	12	13	14	15	16	17	18	19

Объектінің техникалық сипаттамасына қоса берілетін құжаттар тізімі:

1. Жоспарлар: реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) дейін

реконструкцияладан (қайта жоспарладан, қайта жабдықтаудан) кейін

Объектінің жоспарына экспликация

Қабаты	Үй-жайлардың, бөлмелердің нөмірі	Үй-жайлардың, бөлмелердің бөліктерінің нөмірі	Үй-жайлардың, бөлмелердің бөліктерінің мақсаты	Ішкі өлшем бойынша алаңы (м ²), оның ішінде			
				жалпы	пайдалы	тұрғын	тұрғын емес
1	2	3	4	5	6	7	8

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Жобалаушы ұйым

(ұйымның атауы, адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мерзімі)

Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
5-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (кәсіпкерлік субъектілері үшін белгіленген қуаты 200 киловатқа дейінгі электрмен жабдықтау желілері)

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Төмен кернеудегі әуе электр беру желілері...	километр (бұдан әрі – км)	

2	Төмен кернеудегі кабельді электр беру желілері...	км	
3	Тіректер алаңы	м ²	
4	Тіректер:		
	1) металл	дана	
	2) ағаш тіреуі бар ағаш	дана	
	3) темірбетон тіреуі бар ағаш	дана	
	4) темірбетон	дана	
	5) сымарқанды аспалар	дана	
5	Сымдар:		
	1) мыс	км	
	2) алюминий	км	
	3) құрыш алюминий	км	
6	Шырақтар үшін кронштейндер:		
	1) темірбетон	дана	
	2) металл	дана	
7	Көше жарығы арматурасы:		
	1) қыздыру шамы бар шырағдан	дана	
	2) сынап шамды шырағдан	дана	
	3) люминесцентті шамдары бар шырағдан	дана	
8	Кабельдер:		
	1) ...кернеулі маркалар...	км	
	2) ...кернеулі маркалар...	км	
9	Біріктіретін жалғастырғыштар	дана	
10	Соңғы жалғастырғыштар	дана	
11	Жерге қосу схемасы	дана	
12	Найзағайдан қорғау құрылғысы	дана	
13	Кабель желілерінің жол жабындары:		
	1) асфальтбетон	м ²	
	2) жұмыртас	м ²	
	3) тротуарлар	м ²	

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
6-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (жеке тұрғын үйлердің сумен жабдықтау және су бұру желілері, инженерлік желілерді электр коррозиясынан сақтау)

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, ұзақтығы	Ескертпе
	Су құбыры			
1	Су тартқыштар (жалпы ұзындығы)	м		
	1) болат құбырларынан	м		
	2) шойын құбырларынан	м		
	3) асбестцемент құбырларынан	м		
	4) темірбетон құбырларынан	м		
2	Таратқыш желі (жалпы ұзындығы)	м		
	1) болат құбырларынан	м		
	2) шойын құбырларынан	м		
	3) асбестцемент құбырларынан	м		
	4) полиэтилен құбырларынан	м		
3	Өзге құрылғылар			
	Байқау құдығы	дана		
	Ысырма d-	дана		
	d-	дана		
	d-	дана		
	Бұрандалар d-	дана		
	d-	дана		
	d-	дана		
	Кран d-	дана		
	d-	дана		
	d-	дана		
	Гидрант	дана		
	Су құбыры шүмегі	дана		
	Су тарататын баған			
	Болат футляр			
	Ішетін су бүргіш	дана		
Кәріз				

1	Коллекторлар (жалпы ұзындығы)	м		
	1) қыш құбырларынан	м		
	2) шойын құбырларынан	м		
	3) бетон құбырларынан	м		
	4) асбестцемент құбырларынан	м		
	5) темірбетон құбырынан	м		
2	Кәріз желісі (жалпы ұзындығы)	м		
	1) қыш құбырларынан	м		
	2) шойын құбырларынан	м		
	3) бетон құбырларынан	м		
	4) асбестцемент құбырларынан	м		
	5) темірбетон құбырларынан	м		
3	Өзге құрылғылар			
	Байқау құдығы	дана		
	Шығарылым	дана		
Құдықтың көлденең кескіні		Құдықтың тік кескіні		
Масштабы _____		Масштабы _____		

Ерекшелігі

Р/с №	Атауы	Маркасы	Материалы	Диаметрі (өлшемі) (мм)	Саны	Ескертпе
-------	-------	---------	-----------	------------------------	------	----------

Құдықты тұрақты бағдар-нүктесіне байланыстыру схемасы

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
7-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (жеке тұрғын үйлерді немесе жалпы алаңы 20 шаршы метрге дейін кәсіперлік объектілерін орналастыруға арналған бөлек тұрған бір қабатты ғимараттарды (құрылысжайларды) тұрмыстық мақсаттағы газбен жабдықтаудың алаңішілік желілері және үйшілік жүйелері)

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, ұзақтығы	Ескертпе
1	Құбырдың ұзындығы	м		
	Ауа төсемінің ұзындығы:	м		
	1) эстакадаларда	м		
	2) тіреуіштерде	м		

	3) тіреуішсіз төсем	м		
	Тіректер саны	дана		
	Жерасты төсемінің ұзындығы:	м		
	1) өткізу арналарында	м		
	2) жартылай өткізу арналарында	м		
	3) арнасыз өткізу	м		
2	Құдықтар (камералар) саны	дана		
3	Компенсаторлар саны	дана		
4	Кіріктірулер саны	дана		
5	Ысырмалар саны d-	дана		
	d-	дана		
6	Бұрандалар (клапан) d-	дана		
	d-	дана		
7	Өткізу краны d-	дана		
	d-	дана		
8	Сифондар (гидроакпақтар)	дана		
9	Жалғастырғыш тетіктер	дана		
10	Бұрылмалы бекітпелер	дана		
11	Қысымды реттегіштер	дана		
12	Ұңғымалар	дана		
13	Тербелме станоктар (типі _____ , маркасы _____)	дана		
	- // - (типі _____ , маркасы _____)	дана		
	- // - (типі _____ , маркасы _____)	дана		
Ұңғыманың (құдықтың) көлденең кескіні Масштабы _____		Ұңғыманың (құдықтың) тік кескіні Масштабы _____		

Ерекшелігі

Р/с №	Атауы	Маркасы	Материалы	Диаметрі (өлшемі), мм	Саны	Ескертпе
-------	-------	---------	-----------	-----------------------	------	----------

Ұңғыманы (құдықты) тұрақты бағдар-нүктесіне байланыстыру схемасы

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)
Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
8-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (алаңшілік байланыс желілері)

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, ұзақтығы
1	Әуе байланыс желілері, оның ішінде:	км	
	1) маркасы	км	
	2) маркасы	км	
	3) маркасы	км	
2	Кабельдік байланыс желілері, оның ішінде:	км	
	1) маркасы	км	
	2) маркасы	км	
	3) маркасы	км	
3	Тіректер, оның ішінде:	дана	
	1) металл	дана	
	2) ағаш	дана	
	3) анкер	дана	
	4) темірбетон	дана	
	5) сымарқанды аспалар	дана	
4	Желілік құдықтар, оның ішінде:	дана	
	1) ТКС 1	дана	
	2) ТКС 2	дана	
	3) ТКС 3	дана	
	4) ТКС 4	дана	
	5) ТКС 5	дана	
5	Жалғау муфталары	дана	
6	Коммуникациялық коллекторлар, оның ішінде:		
	1) қыш	км	
	2) бетон	км	
	3) асбестцемент	км	
	4) пластмасса	км	
7	Қызмет көрсетілмейтін күшейткіш орындар (ҚКО)	дана	
8	Өзге де құрылғылар		
Құдыңтың көлденең кескіні Масштабы _____		Құдыңтың тік кескіні Масштабы _____	

Ерекшелігі

Р/с №	Атауы	Маркасы	Материалы	Диаметрі (өлшемі) (мм)	Саны	Ескертпе
ҚКО көлденең кескіні Масштабы _____				ҚКО тік кескіні Масштабы _____		

Ерекшелігі

Р/с						

№	Атауы	Маркасы	Өлшем бірлігі	Материалы	Саны (Ескертпе өлшемдері)	
---	-------	---------	---------------	-----------	---------------------------	--

Кабельдік байланыс желісінің құдықтары мен ҚҚО-ны тұрақты бағдар-нүктесіне байланыстыру схемасы

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
9-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (шағын сәулеттік нысандар және аумақтың қоршауы; ашық спорттық алаңдар, тротуарлар, ғимараттардың (құрылысжайлардың) маңындағы тас төсемдер; елу бірліктен аспайтын автомашиналар санына арналған ашық үлгідегі автотұрақтар)

Объектінің атауы	Жалпы мәліметтер		
	құрылыс салу алаңы (м ²)	өлшемдері (м)	басқалары
1	2	3	4

кестенің жалғасы

Конструктивтік элементтердің сипаттамасы			Абаттандыру		
іргетас	қабырғалар	жабын	электрмен жабдықтау	с у м е н жабдықтау	кәріз
5	6	7	8	9	10

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Тапсырыс берушісі
(меншік иесі, инвестор) құрылыс
объектісін пайдалануға өз
бетінше қабылдау актісіне
10-қосымша

Объектінің техникалық сипаттамасы (әкімшілік-тұрмыстық және өндірістік ғимараттардың ішіндегі автоматты күзет-өрт сигнализациясы жүйесі)

P/c №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
-------	-------	---------------	------

1	сым	м	
2	хабарлағыш	дана	
3	қадаға	дана	
4	Хабарлау кондырғысы		
	жарық	дана	
	дыбыс	дана	
5	Үздіксіз қуат көздері блоктары	дана	
6	Аккумуляторлы батареялар	дана	
7	Қабылдау-бақылау құралы		
	табло	дана	

Тапсырыс беруші (меншік иесі, инвестор)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Бұйрыққа
3-қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау қағидаларын, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 867 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16165 болып тіркелген);

2. "Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығына және "Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау қағидаларын, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 867 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 9 қазандағы № 701 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17577 болып тіркелген);

3. "Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау қағидаларын, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 867 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 15 маусымдағы № 352 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20874 болып тіркелген);

4. "Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау қағидаларын, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 867 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 2 тамыздағы № 413 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23855 болып тіркелген);

5. "Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау қағидаларын, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 867 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 маусымдағы № 461 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32899 болып тіркелген);

6. "Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау қағидаларын, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 867 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 351 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35237 болып тіркелген).